

Шашубай кентіндегі «МБК ТМ (РО)» КММ педагогтарын лауазымға тағайындау бойынша конкурстық комиссиясының қорытынды отырысының  
**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 14.02.2024 ж.

**Қатысқандар:** 5 адам.

Бегдербекова Б.К. - директордың ресурстық орталық бойынша орынбасары, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтарын лауазымға тағайындау конкурсы комиссиясының төрайымы.

**Комиссия мүшелері:**

Рыспекова М.С. – Кәсіподақ ұйымының төрайымы

Мырзабекова Ш.С. – Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Карипбаева Д.А. – Директордың тәрбие жөніндегі орынбасарының м.а.

Қалиолла Ж.Н. – Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Касенова Ж.Б.–хатшы.

**Қатыспағандар-0.**

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтарын лауазымға тағайындау конкурсына қатысушы педагогтардың құжаттарын қарау туралы.

**Сөйледі:**

Бегдербекова Б.К. – директордың ресурстық орталық бойынша орынбасары

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығының 3 тарауының №1 параграфымен «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» таныстырып өтті. Конкурстық комиссияның отырысы аудио-бейне жазбамен сүйемелденуде.

Конкурстық комиссияның құрамы туралы бұйрықпен таныстырылып, комиссияның негізгі жұмыс тәртібін айқындады.

Конкурс төмендегі бос лауазымдар бойынша жүргізілді:

№	Лауазым атауы	Бос орын саны	мерзімі
1	Тарих пәнінің мұғалімі қазақ сыныбында	18 сағат	Тұрақты жұмысқа

Конкурс өткізу туралы хабарлама білім беру ұйымның интернет-ресурстар желісіне 2024 жылдың 29 қаңтары күні жарияланды. 2024 жылдың 30 қаңтарынан 07 ақпаны аралығында құжаттарды қабылдау жүргізілді.

Кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібердік.

Оңды жауап алынды.

2024 жылдың 08 – 14 ақпаны аралығында хатшы құжаттарды қабылдауды жүзеге асырды.

Конкурстық комиссия кандидаттардың құжаттарын қарады.

Конкурстық комиссия отырысының нәтижесі бойынша төмендегідей ақпаратты ұсынамын.

1. Тарих пәнінің мұғалімі қазақ сыныбында лауазымына Алпысбаева Дильназ Фархатовнадан өтініш пен құжаттары түсті.

Енді конкурстық комиссия өтініш берген мұғалімнің құжаттарымен таныстырамын.

Алдарыңызда бір үміткердің құжаттары ұсынылды. Конкурс ережесінің талаптарына сәйкес комиссия:

1) кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау.

2) Одан кейін қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асыру.

Конкурстық комиссия конкурс қорытындылары бойынша шешімді жинаған балл негізінде қабылдау.

#### **Бегдербекова Б.К:**

Конкурс қорытындылары бойынша шешімді жариялауға сөз комиссия мүшесі Ж.Н.Қалиолла беріледі.

#### **Ж.Н.Қалиолла:**

1. Тарих пәнінің мұғалімі қазақ сыныбында лауазымына Алпысбаева Дильназ Фархатовнадан өтініш пен құжаттары түсті.

Кандидаттың тапсырған құжаттары Қағидаларда көрсетілген құжаттар тізіміне сай ұсынылған. Сапасы талапқа сай.

Бағалау парағы бойынша жинаған балдары төмендегідей:

1 қатысушы -

Конкурстық ортаның жоқ болуына байланысты осы аталған кандидаттың жинаған балдарына сәйкес конкурстан өтті деп есептелсін. Мектеп басшысына вакансиялық лауазымға тағайындауға ұсынылсын.

**Д.Карипбаева :** Дауысқа саламын. Кім қолдайды? Түгел. Кім қарсы? Жоқ. Қалыс қалды? Жоқ. Бірауыздан қабылданады.

**Бегдербекова Б.К:** Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныстырылсын.

Конкурс нәтижелері мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

### **ШЕШІМ:**

1. **Тарих пәнінің** мұғалімі қазақ сыныбында лауазымына жарияланған конкурс **өткізілді** деп танылсын.

Осы аталған лауазымды тағайындауға ұсынылсын.

### **Конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен таныстым:**

Комиссия төрайымы Бегдербекова Б.К: Бегдербекова

Мүшелері:

Рыспекова М.С. Рыспекова

Мырзабекова Ш.С. Мырзабекова

Карипбаева Д.А. Карипбаева

Қалиолла Ж.Н. Қалиолла

Хатшы Касенова Ж.Б. Хатшы